



КОНСТИТУЦИОНАЛЫҚ РЕФОРМА ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ БІРІНШІ ОТЫРЫСЫ: НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР, ҰСЫНЫСТАР МЕН ШЕШІМДЕР

Комиссия Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тиісті Жарлығын орындау мақсатында жұмыс істейді. Оған Конституциялық Соттың Төрағасы Эльвира Азимова жетекшілік етеді. Комиссия төрағасының орынбасарлары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин және Премьер-Министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева.

Алғашқы отырыста қатысушылар ҚР Конституциясына өзгерістер енгізу бойынша негізгі ұсыныстарды егжей-тегжейлі қарастырды.

Мемлекет басшысы 2025 жылғы 8 қыркүйектегі халыққа Жолдауында «күшті Президент – ықпалды Парламент – есел беретін Үкімет» тұжырымдамасы негізінде бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтерді.

Бұл – жасанды интеллект дәуірінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына одан әрі елеулі ықпал ететін маңызды саяси реформа.

Өткен жылдың қазан айынан бастап жаңа реформаны дайындау аясында азаматтардан, 7 саяси партиядан, 16 қоғамдық ұйымнан және түрлі салалардың сарапшыларынан 2 мыңнан астам ұсыныс түсті. Атап айтқанда, ұсыныс жолдағандар e-Ötinish және eGov порталдарын белсенді қолданғаны байқалды.

Алайда, ұсыныстар тек бір палаталы Парламент мәселесін ғана емес, сонымен бірге көптеген басқа да саяси және әлеуметтік өмірге қатысты аспектілерді қамтыды. Осыған орай Мемлекет басшысы шешімімен Конституциялық реформа жөніндегі комиссия құрылды.

Алғашқы отырыстың ашылуында Конституциялық Соттың Төрағасы Эльвира Азимова Комиссияның құрылуын секторлық өзгерістерден кешенді конституциялық трансформацияға көшу ретінде қарастыру керек екенін атап өтті.

«Конституциялық комиссияның алдында айрықша миссия тұр – бір жағынан конституциялық құрылыстың іргелі қағидаттарын сақтай отырып, екінші жағынан заманауи сын-қатерлерге қатысты өз ұстанымымызды толыққанды айқындауға мүмкіндік беретін Ата заңның тиісінше теңгерімін қамтамасыз ету», - деп атап өтті Эльвира Азимова.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин өз сөзінде 20 қаңтарда Қызылордада өткен Ұлттық құрылтай отырысында Мемлекет басшысы айтқан конституциялық реформаның негізгі ережелеріне тоқталды.

«Мемлекет басшысы «Еліміздің саяси жүйесінде Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретінде сақтап қалуымыз керек» деп нақты атап өтті. Шын мәнінде, жаңа кезеңде жаңа өкілеттікке және ерекше атауға ие болған Құрылтай қазақ жеріндегі парламентаризмнің тамыры тереңде жатқанын аңғартады», - деді Ерлан Қарин.

Астанада Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның бірінші отырысы өтті. Шара кеңейтілген форматта Парламент депутаттарының, мәслихат төрағаларының, қоғам қайраткерлерінің, орталық мемлекеттік органдардың жауапты лауазымды адамдарының, БАҚ өкілдерінің, өңірлердің қоғамдық кеңестерінің, сараптамалық және ғылыми қоғамдастықтардың қатысуымен өтті.



Ол сондай-ақ, негізгі рәсімдік шешімдер туралы хабарлады. Құрылтай депутаттарының саны 145-ті құрайды, кандидаттарға қойылатын талаптар өзгеріссіз қалады, толық пропорционалды сайлау жүйесі қолданылады, ал депутаттардың өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды.

«Пропорционалды жүйе партиялардың кадр саясатын дамытуға ықпал етеді, олардың институционалдық рөлін арттырады және саяси күштердің қоғам алдындағы жауапкершілігін нығайтады», - деп атап өтті Мемлекеттік кеңесші.

Сонымен қатар, ол конституциялық реформа бойынша түпкілікті шешімді еліміздің азаматтары жалпыұлттық референдумда қабылдайтынына ерекше назар аударды.

ҚР Президентінің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ерлан Жиенбаев өз сөзінде Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Мемлекет басшысы «бірнеше жыл бойы мұқият қалыптастырып келе жатқан саяси құрылымның үйлесімді түйіні» ретінде тарихи өрі маңызды ұсыныс айтқанын атап өтті.

«Президент бірқатар елдерде бар Вице-президент институтын енгізуді ұсынды. Мемлекет басшысының өзі атап өткендей, «біздің жағдайымызда бұл лауазымды енгізу мемлекетті басқару процесін тұрақтандырады. Сондай-ақ білік иерархиясын біржола айқындап береді», - деді Ерлан Жиенбаев.

Сонымен қатар реформалардың жаңа кезеңінде қоғам дамуының барлық мәселесіне қатысты тұрақты жалпыұлттық диалог жүргізу үшін ауқымды платформа ретінде Қазақстанның Халық Кеңесін

құру ұсынылды. Аталған орган халқымыздың ынтымақ-бірлігін нығайтуға ықпал ететін негізгі қоғамдық-саяси бірлестіктер мен құрылымдарды қосып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың стратегиялық функцияларын орындауды мақсаттады.

«Осы екі маңызды институт бойынша негізгі ережелер Конституция деңгейінде тиісті регламенттеуді талап етеді» деп атап өтті ҚР Президентінің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі.

Вице-Президентті жалпы депутаттар санының көпшілік дауысымен білдірілген Құрылтайдың көлімісімен Президент тағайындайды деп күтілуде.

Вице-Президентті қызметінен Президент босататын болады.

Вице-Президенттің құзыретіне Президенттің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастардағы мүдделерін білдіру, Құрылтаймен, Үкіметпен және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл барысында Президенттің атынан өкілдік ету берілетін болады.

«Вице-Президент өкілді органын депутаты болмауға, өзге де ақылы лауазымдарды атқармауға және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмауға тиіс. Өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде Вице-Президент саяси партияның мүшесі болмауға тиіс. Мұндай тәртіп саяси бәсекелестікті арттыруға және барлық партиялардың дамуы үшін тең жағдайды қамтамасыз етуге бағытталған ұстанымға сәйкес келеді», - деп атап өтті Ерлан Жиенбаев.

Халық Кеңесіне қатысты. Халық Кеңесінің мәртебесін Конс-

титудияда бекіту мақсатында онда жеке бөлім кезде ұсынылады. Атап айтқанда, Халық Кеңесі Қазақстан Республикасы халқының мүдделерін білдіретін мемлекетіміздің жоғары консультативтік органы екендігі туралы норманы кездеу қажет екені айтылды.

Құрамы Қазақстан Республикасы азаматтары қатарынан Мемлекет басшысы тарапынан қалыптастырылатынын қамту қажет. Сондай-ақ, Халық Кеңесінің мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары бойынша; қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлікті және ынтымақтастықты нығайтуға; мемлекет қызметінің қағидаттарын және жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілетуге қатысты ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу жөніндегі негізгі өкілеттіктерін регламенттеу көзделеді.

«Президент Халық Кеңесі заң шығаруға бастамашылық ету құқығына ие болуы қажеттігін атап өтті. Бұл да Конституцияда бекітілуге тиіс. Халық Кеңесінің құрылу, құрамын қалыптастыру тәртібі, өкілеттіктері мен қызметін ұйымдастыру мәселелері бөлек конституциялық заңмен айқындالاتын болады. Халық Кеңесінің жоғарғы органы жылына кемінде бір рет шақырылатын Сессия болады», - деп түйіндеді Ержан Жиенбаев.

Отырыста өз ұсыныстарымен, пікірлерімен және ескертулерімен сөз сөйлегендер қатарында болғандар:

– ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Унзила Шапақ – ұлттық мемлекетті нығайту және республиканың идеологиялық бағытын айқындау үшін Конституцияның преамбуласын жаңартуды ұсынды;

– ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Марат Башимов – алдағы болатын қайта құрулардың саяси тұрақтылықты нығайтуға, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталғанын атап өтті;

– Қазақстан заңгерлер одағының төрағасы Серік Ақылбай – Конституцияда дінді мемлекеттен бөлу туралы тікелей норманы бекітуді ұсынды;

– Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы Мәди Мырзағараев азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нығайтуға бағытталған бірқатар ұсыныстар айтты. Атап айтқанда, ол соттың санкциясыз қаманда ұстау мерзімін 72 сағаттан 48 сағатқа дейін қысқарту қажеттігін атап өтті;

– Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаев – әмбебап және барлығына бірдей: қарттар мен сәбилерге, ерлер мен әйелдерге, дінге сенушілер мен атеистерге қолданылатын іргелі адам құқықтарын бекіту қажеттігін атап өтті. Оның пікірінше, негізгі бостандықтардың ішінде өзіне және жақындарына қарсы күелік бермеу және өзінің кінәсіздігін дәлелдеу құқығын тікелей көрсету қажет.

– ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Елнұр Бейсенбаев Конституцияда тек ер мен әйел арасындағы некені бекітуді ұсынды;

– ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенов – Конституцияда зияткерлік меншік пен шығармашылық бостандықты қорғау туралы нормаларды бекітуді ұсынды;

– «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры, белгілі журналист Дихан Қамзабекұлы – білім беру және тәрбие жүйесіндегі зайырлылық қағидаттарын нығайту мәселесін көтерді;

– М.С. Нәрікбаев атындағы Қазақ мемлекеттік заң университетінің басқарма төрағасы Талғат Нәрікбаев – Конституциядағы терминологияның сәйкессіздігін жоюды ұсынды;

– ҚР Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары Жақып Асанов интернет-алайыққа қарсы тұру үшін конституциялық негіздерді нығайтуды ұсынды;

– ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Азат Перуашев – азаматтар мен бизнестің жеке меншігін конституциялық қорғауды күшейтуді ұсынды; Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев – жекелеген аумақтар үшін арнайы құқықтық режимдерді конституциялық тұрғыдан бекітуді ұсынды.

Бірінші отырысты қорытындылай келе, Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның төрағасы Эльвира Азимова келесі отырыста Комиссия нақты талқылауға көшетінін және жаңа нормалар мен нақты түзетулер бойынша жұмысты бастайтынын атап өтті.

Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия.

АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5 бабына сәйкес 2026 жылғы 22 қаңтарда Мағжан Жұмабаев ауданының аумақтық сайлау комиссиясы Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың, Молодогвардейское, Ноғайбай би, Ұзынкөл ауылдық округінің өкімдігіне келесі кандидаттарды тіркеді:

Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері
Тербех Светлана Владимировна	1994	Жалпы мәселелер жөніндегі бас маман, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Бәйтерек ауылы. Өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.
Мүкеев Арман Тоқтамсыұлы	1985	Жалпы мәселелер жөніндегі бас маман, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Полтавка ауылы. Өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.
Сәдуақасова Динара Қайдарқызы	1984	Меңгеруші, «Мағжан Жұмабаев ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ, тұрғылықты жері: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы. Өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.
Тілеуп Әлия Бейсембайқызы	1981	Директор, «Алтын ұя» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КММ, тұрғылықты жері: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы. Өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.
Исабаев Дамир Қуандықұлы	1999	Булаев қаласы өкімінің орынбасары, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласы өкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы. «AMANAT» партиясы» ҚБ ұсынған.
Неугасимова Ирина Павловна	1988	Жалпы мәселелер жөніндегі бас маман, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Лебяжье ауылы. Өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.
Старицына Ирина Александровна	1986	Директор, «Конюхов негізгі мектебі» КММ, тұрғылықты жері: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Конюхово ауылы. Өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.

Мағжан Жұмабаев ауданының аумақтақ сайлау комиссиясы.

АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5 бабына сәйкес 2026 жылғы 23 қаңтарда Мағжан Жұмабаев ауданының аумақтық сайлау комиссиясы Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың, Конюхов, Молодогвардейское, Ноғайбай би, Ұзынкөл ауылдық округінің өкімдігіне келесі кандидаттарды тіркеді:

Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері
Кенжеболатов Еркем Сәлімжанұлы	1969	Заңгер, «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» КММ, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Полтавка ауылы, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.
Табұлдинов Марат Кемелұлы	1979	Әкім, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Конюхов ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Конюхово ауылы, «Ақ жол» ҚДП ұсынған.
Чицаев Валерий Александрович	1995	Жалпы мәселелер жөніндегі бас маман, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Чистовское ауылы, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.
Қонаев Рамазан Мәулетайұлы	1987	Аудан өкімінің терроризмге қарсы комиссияның жұмысы бойынша кеңесшісі, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы өкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.
Жағыпаров Жаслан Қайроллаұлы	1980	Әкім, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейск ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Молодогвардейское ауылы, «Ақ жол» ҚДП ұсынған.
Зағыпарова Эльмира Байзоллақызы	1990	Жалпы мәселелер жөніндегі бас маман, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Возвышенка ауылы, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.
Ысқақова Жанар Болатқызы	1982	Бас маман, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Қарақоға ауылы, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.
Қасенов Жаслан Серікұлы	1979	Әкім, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Молодогвардейское ауылы, «AMANAT» партиясы» ҚБ ұсынған.

Мағжан Жұмабаев ауданының аумақтақ сайлау комиссиясы.

АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 20 бабының 12 тармағына сәйкес және Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының Ұзынкөл ауылдық округі өкімдігіне кандидат ретінде Қасенов Жаслан Серікұлының тіркелуіне байланы-

сты учаскелік сайлау комиссияларда өзгерістер болды: тікелей бағыныстағы учаскелік сайлау комиссия мүшелерінің міндеттерін атқаруды тоқтатқандар орнына тағайындалды:

№245 учаскелік сайлау комиссиясы бойынша Маржангүл Сарманқызы Розенбахтың орнына –

Татьяна Николаевна Розенбах;
Надежда Андреевна Пилюгинаның орнына – Светлана Николаевна Пилюгина.

Мағжан Жұмабаев ауданының аумақтақ сайлау комиссиясы.

ТОТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

АВТОНОМДЫ ТҮТІН ХАБАРЛАҒЫШТАРЫ — ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ МІНДЕТТІ ШАРАСЫ



Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығымен бекітілген Өрт қауіпсіздігі қағидаларына сәйкес, 154-1 тармақта міндетті талап белгіленген:

- жеке тұрғын үйлердің тұрғын жайлары автономды оптико-электронды түтін өрт хабарлағыштарымен жабдық-

талуы тиіс.

Бұл талап халықтың қауіпсіздік деңгейін арттыруға және ауыр салдармен аяқталатын өрттердің санын азайтуға бағытталған. Статистикалық деректерге сүйенсек, тұрғын үй секторындағы өрт кезіндегі қайғылы жағдайлардың басым бөлігі түнгі уақытта, адамдар ұйықтап жатқан кезде орын алады, сондай-ақ олар түтіннің иісін сезбейді. Автономды түтін хабарлағыш түтінденуді дер кезінде анықтап, қатты дыбыстық дабыл береді, бұл уақытында шара қабылдауға және адамның өмірі мен мүлкі сақтауға мүмкіндік береді.

Автономды оптико-электронды түтін өрт хабарлағышы — бұл өздігінен қоректену көзінен (батареядан) жұмыс істейтін, ауадағы

түтін бөлшектеріне әрекет ететін және орталықтандырылған өрт дабылы жүйесіне қосылуды қажет етпейтін құрылғы.

Жеке тұрғын үйлерді автономды түтін хабарлағыштарымен жабдықтау жауапкершілігі тұрғын үй иелеріне жүктеледі. Құрылыстардың жарамдылығын тұрақты түрде тексеру және қорек көздерін уақтылы ауыстыру — олардың сенімді жұмыс істеуінің маңызды шарттары.

Автономды түтін хабарлағышын орнату — заң талаптарының формалды түрде орындау ғана емес, өмірді, денсаулықты және мүлкті қорғауға бағытталған нақты қадам. Бір ғана шағын құрылғы бүтін бір отбасын құтқарып қалуы мүмкін.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

2025 ЖЫЛДЫҢ 3-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы өкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы - Умовист Елена Анатольевна апта сайын дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері қабылдайды. Азаматтарды қабылдау сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін (үзіліс уақыты сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін) мына мекен жайда жүргізіледі: Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А үй, 1 және 16 кабинет (1 қабат), тел. 2-81-46.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефондары бойынша ақпараттандыру қажет:

«Мағжан Жұмабаев ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ - 8(71531) 2-81-49.

Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат **ЖАҒЫПАРОВ ЖАСЛАН ҚАЙРОЛЛАҰЛЫ** **ӨМІРБАЯНЫ**

1980 жылғы 22 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы, Возвышенка ауданы, Возвышенка ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары, 2007 жылы Көкшетау университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

2002 жылғы қазан айынан 2003 жылғы қаңтар айына дейін «Возвышенский элеваторы» ААҚ-да жұмысшы болып еңбек етті.

2003 жылғы қаңтар айынан 2005 жылғы сәуір айына дейін «Возвышенский элеваторы» ААҚ-да аспирация бойынша шебер бо-

лып жұмыс істеді.

2005 жылғы мамыр айынан 2005 жылғы маусым айына дейін ҚР ІІМ училищесінің тыңдаушысы болды.

2005 жылғы тамыз айынан 2015 жылғы наурыз айына дейін Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында қызмет атқарды.

2017 жылғы тамыз айынан 2017 жылғы қыркүйек айына дейін «Дамуында шектеулері бар балаларға арналған №1 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» КММ қоймашы, экспедитор болып жұмыс істеді.

2022 жылғы ақпан айынан қазіргі уақытқа дейін «Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Молодогвардейское ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-де ауыл әкімі қызметін атқаруда.

Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Молодогвардейское ауылдық округі әкімдерінің сайлауына «Ақ жол» партиясынан кандидат ретінде ұсынылған.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ауылдық округ әкімінің сайлауына қатысуға шешім қабылдап, мен ауылдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге бар күшімді саламын.

Молодогвардейское ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат ретінде қатысу туралы шешімім ауылдық округтегі жұмысты жалғастыруға, өзімнің көшбасшылық қабілеттерімді, білімімді және өмірлік тәжірибемді азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға, әлеуметтік-экономикалық

міндеттерді жүзеге асыруға бағыттауға деген ұмтылысымнан туындайды.

Сайланған жағдайда, өз қызметімді келесі мақсаттарға жетуге бағыттаймын:

- зейнеткерлерді, мүгедектері бар адамдарды, көпбалалы отбасыларды және аз қамтылған азаматтарды қолдауға бағытталған әлеуметтік жобаларды іске асыру;

- жаңа жұмыс орындарын құруға және жұмыссыздық деңгейін төмендетуге арналған әлеуметтік жобаларды жүзеге

асыру;

- ауылдарды абаттандыру, жолдарды салу және жөндеу, көшелерді жарықтандыру бағдарламаларын іске асыру;

- мұқтаж жандарға демеушілік көмек көрсетуге ықпал ететін тұлғаларды тарту;

- округ тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға жан-жақты атсалысу;

- жан-жақты мәдени дамуға жағдай жасау.

Мен мемлекетіміздің Конституциясы мен заңдарын басшылыққа ала отырып, округ халқының игілігі үшін қызмет ететін боламын.

Сондықтан, сайлау күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс беруге шақырамын.

Сіздердің маған берген дауыстарыңыз – балаларымыздың, жастарымыздың, ата-аналарымыздың бақытты да баянды өмір сүруіне қосқан үлестеріңіз болып табылады!

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат **СӘДУАҚАСОВА ДИНАРА ҚАЙДАРҚЫЗЫ** **ӨМІРБАЯНЫ**

1984 жылғы 19 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы Возвышенка ауданы Возвышенка ауылында дүниеге келген.

Білімі жоғары, 2006 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі» мамандығы бойынша бітірген. Екінші жоғары білімін 2019 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «Дефектология» мамандығы бойынша алған.

2006 жылдың 25 тамызынан 2006 жылдың 01 желтоқсанына дейін Мағжан Жұмабаев ауданы Придорожное бастауыш мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс істеген.

2006-2011 жылдары Мағжан Жұмабаев ауданының Лебязье орта мектебінде әлеуметтік педагог болып еңбек етті.

2011 жылдың 17 қаңтарынан бастап Мағжан Жұмабаев ауданының «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ әдіскері болып қабылданды.

2019 жылғы 24 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» КММ «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ-де басшы болып қызмет атқарады.

Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округінің әкіміне кандидат ретінде өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған. «Amanat» партиясының мүшесі.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Біздің демократиялық мемлекетімізде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен көптеген жылдар бойы барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілдері арасында бейбітшілік пен келісім, өзара түсіністік пен өзара қолдау сақталып келеді, экономика мен азаматтардың әл-ауқатының өсуі қамтамасыз етілуде, экономикалық және әлеуметтік салаларда түрлі жобалар іске асырылуда.

Егер мені халық Молодогвардейское ауылдық округінің әкімі лауазымына сайлаған жағдайда, мен қолданыстағы заңнама шеңберінде және ауылдық округтің бар проблемаларын шешу үшін

өз өкілеттігім шегінде бар күш-жігерімді саламын.

Менің сайлауалды бағдарламаның негізгі бағыттары:

- адамдардың әл-ауқатын жақсарту, олардың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру;

- ауыл халқының денсаулығын нығайту, аналар мен балаларды, мүмкіндігі шектеулі адамдарды қорғау;

- аулаларды абаттандыру, көшелерді жарықтандыру және ауылдардағы жолдарды жөндеу мәселелерін шешуге жәрдемдесу;

- әлеуметтік сала, яғни білім беру,

денсаулық сақтау, мәдениет және спорт мәселелерін шешуге қатысу;

- медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін жақсартуға жәрдемдесу;

- жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша қолдау көрсету;

- халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету;

- аз қамтылған және көпбалалы отбасылар мен мүгедектерді қолдау;

- адамгершілік пен салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмысты күшейту;

- бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайту;

- ауыл шаруашылығын, кәсіпкерлікті дамытуды белсенді қолдау;

- ауыл үшін қажетті бағдарламаларды жеңілдікпен қаржыландыруға көмек;

- ауданда тұратын барлық ұлттардың салт-дәстүрлерін дамытуға және олардың арасындағы ұлтаралық келісімді сақтауға жәрдемдесу;

- мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру.

Округ тұрғындарының белсенді қолдауымен біз оның тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту үшін бәрін жасаймыз.

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат **ТІЛЕУП ӘЛИЯ БЕЙСЕМБАЙҚЫЗЫ** **ӨМІРБАЯНЫ**

Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Новый Быт ауылында 1981 жылы 19 шілдеде дүниеге келген.

Білімі жоғары, 2003 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін музыка және ән мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. 2006 жылы Көкшетау мемлекеттік университетінде құқықтану мамандығы бойынша білім алған.

1997 жылдың 25 мамырынан бастап 1997 жылдың 30 тамызына дейін Фурманов ауылындағы «Бірлік» шағын жеке кәсіпорнында сатушы болып еңбек жолын бастады.

2003-2004 жылдары Солтүстік Қазақстан

облысы Мағжан Жұмабаев ауданы №3 Булаев орта мектебінде музыка пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеген.

2007 жылдың ақпан айынан 2007 жылдың наурыз айына дейін Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының Әділет департаментінде инспектор болып қызмет атқарған.

2007 жылдың 10 тамызында Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық сотында бас маман және сот отырысының хатшысы болып жұмысқа қабылданды.

2008 жылы ол Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық білім беру

бөлімінде заңгер маманы болып ауысты.

2009-2021 жылдары «Балдәурен» балабақшасында музыка жетекшісі болып еңбек етті.

2020 жылдың желтоқсанынан бастап қазіргі уақытқа дейін Мағжан Жұмабаев аудандық білім беру бөлімінің құрамына кіретін «Алтын ұрпақ» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының директоры қызметін атқарып келеді.

Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округінің әкіміне кандидат ретінде өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған. «Amanat» партиясының мүшесі.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Егер, мен Молодогвардейское ауылдық округінің әкіміне сайлансам, мен қолданыстағы заңнама және өз құзырым шегінде ауылдық округтегі өзекті мәселелерді шешуге бар күшімді саламын. Менің бағдарламам келесі мәселелерді шешуден тұрады:

- өмір сапасын, ауылдық округ тұрғындарының әл-ауқатын арттыру;

- округтің ауылдарын абаттандыру, жолдарды жөндеу;

- зейнеткерлерді, мүгедектері бар адамдарды, көп балалы және аз қамтылған азаматтарды қолдау;

- салауатты өмір салты және адамгершілікті насихаттау жұмысына күш салу;

- медициналық мекеменің жұмысын

жетілдіру;

- бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайту;

- мемлекеттік бағдарламаны орындау;

- жалғыз тұратын зейнеткерлерді, мүмкіндігі шектеулі жандарды, көп балалы отбасыларды және аз қамтылған азаматтарды қолдау бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру;

- елді мекендерді абаттандыру, ауылшілік жолдарды, кірме жолдарды жөндеу, көше жарығын жөндеу.

- Округ азаматтарының белсенділігі арқасында біз тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға күшімізді салуға дайынбыз.

Жиналған мәселелерді шешу үшін Сіздерден сайлауда зор қолдау күтемін!

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

MEMLEKETTİK ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

ЖАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың:

- 1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі;
- 2) жасына байланысты зейнетақы төлемдері;
- 3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдері түріндегі зейнетақымен қамсыздандырылуға құқығы бар.

Жасына байланысты зейнетақы төлемі – 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек өтілі бар жеке тұлғаларға еңбек өтіліне пропорционалды түрде жүзеге асырылатын ақша төлемдері.

Жасына байланысты төлемдер ер адамдарға 63 жасқа толғанда тағайындалады.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдері әйел адамдарға:

- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жасқа толғанда;
- 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5 жасқа толғанда;
- 2029 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жасқа толғанда;
- 2030 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5 жасқа толғанда;
- 2031 жылғы 1 қаңтардан бастап 63 жасқа толғанда жүргізіледі.

5 және одан көп бала туған (асырап алған) және оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдердің 53 жасқа толғанда жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін еңбек өтілі 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезең есепке алынады.

Еңбек өтілі еңбек кітапшасымен расталады, ал еңбек кітапшасы немесе онда тиісті жазбалар болмаған кезде жұмысы туралы мәліметтерді растайтын құжаттар не соттың шешімі негізінде белгіленеді.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін есептеу кезінде мыналар:

- 1) еңбек шарттары бойынша жеке және заңды тұлғалар ақы төлейтін жұмыс;
- 2) әскери қызмет;
- 3) арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі қызмет;
- 4) мемлекеттік қызмет;
- 5) кесіпкерлік және кірістер өкелетін өзге де қызмет;
- 6) басқа адамның көмегіне мұқтаж бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға, екінші топтағы мүгедектігі бар жалғызбасты адамға және жасына байланысты зейнеткерге, сондай-ақ сексен жасқа толған қарт адамдарға күтім жасаған уақыт;
- 7) мүгедектігі бар 18 жасқа дейінгі



балаға күтім жасаған уақыт;

8) жұмыс істемейтін ананың жас балаларға күтім жасаған, бірақ әрбір бала 3 жасқа толғанға дейін, жалпы жиынтығы 12 жыл шегіндегі уақыт;

9) Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жердегі жоғары оқу орындарындағы, оның ішінде даярлық курстарындағы, арнаулы орта оқу орындарындағы, училищелердегі, мектептердегі және кадрлар даярлау, біліктілікті арттыру және қайта мамандандыру курстарындағы, аспирантурадағы, докторантурадағы және клиникалық ординатурадағы, сондай-ақ рухани (діни) білім беру ұйымдарындағы оқу;

10) әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері жұбайларының мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде жұбайларымен бірге тұрған, бірақ жалпы жиынтығы 10 жылдан аспайтын кезең;

11) Қазақстан Республикасына тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында келген этностық қазақтардың шығу еліндегі еңбек қызметі есепке алынады.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдері толық көлемде белгіленген жасқа толғанда азаматтардың мынадай санаттарына:

- 1) ерлерге – 1998 жылғы 1 қаңтарда кемінде жиырма бес жыл еңбек өтілі болған кезде;
 - 2) әйелдерге – 1998 жылғы 1 қаңтарда кемінде жиырма жыл еңбек өтілі болған кезде тағайындалады.
- Жасына байланысты зейнетақы төлемдері азаматтардың жасына байланысты зейнетақы төлемін толық көлемде алу құқығы болмаған кезде, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек өтілінің болуына қарай тағайындалады.
- Жасына байланысты зейнетақы төлемдері толық емес көлемде азаматтардың санаттарына олардың жасына байланысты зейнетақы төлемін толық көлемде алу құқығы болмаған кезде, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай

бойынша кемінде алты ай еңбек өтілінің болуына қарай тағайындалады.

Жасына байланысты толық емес көлемдегі зейнетақы төлемдері жасына байланысты толық көлемдегі зейнетақы төлемінің үлес ретінде 1998 жылғы 1 қаңтардағы еңбек өтіліне барабар түрде есептеледі.

Әлеуметтік Кодекстің 204-бабына сәйкес мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, жасына байланысты зейнетақы төлемдері:

1) алушының банктік шоты бойынша үш және одан да көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, жасына байланысты зейнетақы төлемдері тоқтатыла тұрған күннен бастап айта басталады;

2) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын қуандыратын құжаттың, қандас куәлігінің қолданылу мерзімінің өтуі туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, жасына байланысты зейнетақы төлемдері Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның, қандастың куәлігі берілген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

3) шетелдіктің тұруына ықтиярхат алғанға дейін Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуы немесе одан шығуы фактісінің анықталғаны туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, жасына байланысты зейнетақы төлемдері тоқтатыла тұрған күннен бастап, бірақ шетелдіктің тұруына ықтиярхат алған күннен кейін қайта басталады;

4) Еуразиялық экономикалық одаққа

мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімге сәйкес тағайындалған зейнетақыларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде зейнетақы төлемдерін алу фактісінің анықталғаны туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, жасына байланысты зейнетақы төлемдері шыққан елінде артық есепке жазылған (төленген) зейнетақы сомалары өтелген кезде тоқтатылған күннен бастап қайта басталады.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, жасына байланысты зейнетақы төлемдері мынадай негіздер бойынша:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алушының қайтыс болу фактісі белгіленсе немесе ол хабарсыз кетті деп танылса;
- 2) алушының Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кету фактісі белгіленсе;
- 3) шығу елінің үкілетті органынан зейнетақы ісіне сұрау салу келіп түссе;
- 4) зейнетақы алушының ішкі істер органдарында тіркеуден шығарылған растайтын құжат ұсыныла отырып, оның зейнетақы төлеуді тоқтату туралы өтініші келіп түссе;

5) өтініш берушінің негізсіз тағайындауға алып келген анық емес мәліметтерді ұсынуы фактісі анықталса, тоқтатылады. Зейнеткерлік жасқа жеткен азаматтар еңбек өтілі бойынша (еңбек кітапшасы, білімі туралы құжат, әскери қызмет құжаты, балалардың туу туралы куәлігі, т.б.) құжаттарды кенес алу үшін тұрғылықты тіркелген мекен жайдағы Мемлекеттік корпорацияға (ХҚКО) немесе Петропавл қаласы, Абай көшесі, 64 мекен жайда орналасқан департаментке жүгінуге болады.

Егерде құжаттарды қарастыру кезінде еңбек өтілін растау үшін сотқа жүгіну қажет болған жағдайда, департаментке жазбаша өтініш (бірыңғай қабылдау платформасы және азаматтардың өтініштерін қарау Е-Оtinіш арқылы; пошта арқылы немесе департаментке жеке) құжаттармен бірге (еңбек кітапшасы, архивтік анықтамалар, диплом, т.б.) ұсынылады, өйткені сотқа еңбек өтілін растауда департаменттің пікірі қажет. Өтініш жауабын алғаннан кейін еңбек өтілінің заңды фактісін растауға сотқа жүгінуге болады.

Департаменттің зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің қабылдау күндері - әр дүйсенбі және бейсенбі сайын сағат 08.00-ден 17.30-ға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-тық үзіліс. Сонымен қатар 8-7152-32-00-16, 32-00-61, 32-00-69 телефондарымен хабарласуға болады.

Ботәгөз ҚОЖАҒҰЛОВА,
Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау Комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы.

МАМАН КЕҢЕСІ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ БІЛІМ БЕРУ

Өкінішке орай, біз кейбір мемлекеттерде, атап айтқанда, Таяу Шығыста соңғы жылдары қоғамдық-саяси және діни ахуалдың күрделене түскенін көріп отырмыз, соның ішінде ондағы өртүрлі діни ағымдардың жандануымен, дінаралық текіретістің өсуімен, ашық экстремистік және террористік ұйымдардың қарсыласуымен байланысты. Шетелде діни білім алу жастардың деструктивті діни ағымдардың ықпалына түсу қаупі жоғары.

Шетелде болған жастар өмір сүру және оқу ортасында бөтен діни өсегре ұшырауы мүмкін. Әдетте, бұл белгілі емес ұйымдар, өртүрлі діни бірлестіктер және бауырластық деп аталатын бұйрықтар демеушілік ететін өртүрлі тілдерді оқыту орталықтары арқылы, сол елдегі мемлекеттік бақылаумен қамтылмаған гивабат орындарына бару, сондай-ақ жеке сабақтар алу және күмәнді рухани көшбасшылардың дәрістерін тыңдау арқылы болуы мүмкін.

Сондай-ақ, шетелде кейбір діни ұйымдар өртүрлі зайырлы атаулармен жиі жабылатынын есте ұстаған жөн. Мысалы, ағылшын немесе араб тілдеріндегі тегін курстарға, жеке өзін-өзі дамытуға, танымал психологияға, бизнес негіздерін оқытуға, шешендік өнер курстарына шақырулардың

Тәуелсіздік жылдарында көптеген қазақстандықтар балаларын түрлі шетелдік жоғары оқу орындарына оқуға жіберуге мүмкіндік алды. Сонымен бірге, бүгін көп елдерде саяси жағдай ұшығуы тұрғанын беріміз білеміз. Осыған орай, шетелдік жоғары оқу орындарының ата-аналары мен болашақ студенттері үшін өртүрлі елдердегі діни ахуалдың ерекшеліктері, олардың тарихы, мәдениеті және халықтың менталитеті туралы білу маңызды.

артында бейтаныс шетелдіктерді өз қатарына тартатын деструктивті ұйымдар болуы мүмкін.

Бұл тұрғыда мен ата-аналарды балаларының қандай шетелдік діни орталықтарда білім алатынына өте байыпты қарауға шақырғым келеді. Бұл жоғары оқу орындарының күмәнді және беделі нашар оқу орындары болмауы өте маңызды. Өкінішке орай, күмәнді оқу орнын бітіргеннен кейін мұндай дипломдары бар түлектер жұмысқа орналасу проблемасына тап болып, жұмыссыз қалуы мүмкін. Бүгін университетті дұрыс таңдап, бұл туралы ойлану керек.

Қазақстан азаматтарының көпшілігі өздерін сенушілерге жатқызады. Бірақ мәселе мынада, олардың тек бірнешеуі ғана осы діннің қыр-сырын түсінеді және шыншайы исламды радикалды жалған ілімдерден ажырата алады. Қалғандары ағынмен жүруге бейім, олар қызыл тілді шешендерге және сенімді адамдарға сенеді. Мұны өр

түрлі жалдаушылар мен жалған уағызшылар ұзақ және сөтті қолданды. Соңғыларының арасында бір кездері елден тегін діни білім іздеп кедергісіз кетіп, дипломдармен бірге басқа адамдардың дәстүрлері мен басқа біреудің идеологиясын өкелген азаматтарымыз да кездесті.

Алғаш рет шетелдік теологиялық білімге тыйым салу қажеттілігі 2017-2020 жылдарға арналған дін саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасында жазылған. Бұл діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы жаңа заң жобасын дайындауда идеологиялық негіз болды, ол, айтыпшақы, елеулі қоғамдық талқылаудан өтті.

Бүгінде қазақстандықтарға сапалы діни білім алу үшін барлық жағдай жасалған. Ата-аналар мен студенттер Қазақстанда сапалы діни білім алу үшін барлық мүмкіндіктер бар екенін білуі тиіс.

Заң жобасының нормасы қазақстандықтарды шетелдік діни жоғары оқу орындарында оқу мүмкіндігін айырмайтын

түсіну маңызды. Барлық ниет білдірушілер бұған құқылы, бірақ бір шарт бар - олар негізгі жоғары діни білімді өз Отанында алу керек. Осыдан кейін ғана олар тиісті уағдаластығы бар шетелдік жоғары оқу орындарында магистратурада немесе докторантурада оқуды жалғастыра алады. ҚМДБ ұсынымдары болған жағдайда қазақстандықтар олардың кез келгеніне түсе алады.

Әрине, Қазақстанда алғашқы теологиялық білім алу, ең алдымен, шет мемлекеттің басқа мәдени және діни ортасына енгенге дейін ұлттық қодты нығайту және сақтау қажеттілігінен туындағанын атап өткен жөн. Жастар, егер қазақстандық дәстүрлер мен тарихқа қайшы келсе, ешқандай шетелдік теологиялық білім пайда өкелмейтінін түсінуі керек. Сондықтан оқушылардың ата-аналары діни білім беруді таңдауда дұрыс қадам жасауы керек және олар алған білімге Біздің Отанымыз - Қазақстан Республикасының өркендеуі байланысты болатынын есте ұстауы керек.

Айған АБСАЛЫҚОВА,
Мағжан Жұмабаев ауданы ішкі саясат бөлімінің діни және қоғамдық бірлестіктерімен жұмыс жөніндегі бас маманы.

АУДАНЫҢ АТАҚТЫ АДАМДАРЫ

«АУЫЛЫМ - АЛТЫН ТҰҒЫРЫМ»

Әр адамның ауылы – дүниедегі ең қадірлі мекені. Нақты осы жер оны өткенмен және болашақпен байланыстырады. Бойындағы бар жақсы қасиеті үшін туған жерге қарыздармыз. Ауыл – біздің тамырымыз, біздің тарихымыз. Қасиетті толырағында туып-өскенбіз, сол жердің өсемдігі, біз үшін ерекше әрі бағалы. Ауыл естеліктері мен ата-бабаларымыздың тарихы бізді тәрбиелеп, тұлғалық қалыптастыруға әсер етті. Барлығы да осы ауылдан бастау алды. Ауылдан шыққан талантты жастар, ұлы ақын-жазушыларда көп. Шыны ерек, игі жақсының барлығы дерлік осы ауыл дейтін ұлы даладан шығады емес пе? Сөз өрнегін оймақтал, жырдан кесте тіккен ақын-жазушыларымыз да, өнеріңгін айшықтаған сазгер, күйшілеріміз де, аты аңызға айналған даналарымыз да сол қарапайым ауылдың қара шаңырағынан шыққан.

Біздің де Дүйсеке ауылымыздың жерлесіміз Ерік Асқаров ағамыз ақын, суырып-салма айтыскер, ал оның апайы әкесінің қарындасы Әмина Шалабаева апамыздың туғанына биыл 110 жыл толып отыр. 10 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданының Ақмола ауылында туған. 1920 жылы Дүйсеке (Ворошилово) ауылында тұрды. Ауылда мектеп-интернат болды, осында оқып, білім алды.

Омбы қаласына қарайтын Шарбақты ауданындағы Қызылағаш ауылында жаңадан ұйымдасқан бірлестікте аудармашы болған. Алтай өлкелік «Қызыл ту» газетінде (Новосібір қаласында шығып тұрған) корректор болып істеген. 1940–1944 жылдары Алматы педагогика училищесінде оқыған. Осы кезеңде қазақ радиосында дикторлық қызмет атқарған. 1948 жылы Алматы мемлекеттік қыздар институтын бітірген. Ақмола ауылы жанымызда болған қыстақ, қазіргі уақытта мал жайлауына айналған Ақмола көлі ғана қалды. Әмина апай ауылда мектеп бітірген соң, Алматы қаласына оқуға кеткенін кетті. Ол дарыған талантты ақын, жазушы, дикторлық, әдебиет жолында өз ізін қалдырған тұлға, оның дауысын кезінде кеңес уақытында әр үйі кішкентай радиолар болатын, содан естіп жүретінбіз. Әжем айтатын «мынау сөйлеп жатқан біздің ауылдың қызы» деп. Мақтанып, қуана тыңдайтынмын.



Мен, көбінесе, Ерік ағамыздың жұбаймен Нәсіпжан жеңгеймен және апасы Алма Хафизқызы Нұршевамен хабардалмын. Алма Хафизқызының айтуынша, «Жас кезімде көп баратын едім оларға, апам қашанда жұмыста жүретін, поэзия редакциясында жұмыс атқарды. Онда Тұманбай Молдағалиев, Қадір Мырзалев, Шәмші Әбілтайұлымен бір кабинетте жұмыс істеді. Ол кезде кафе жоқ үйіне Жүмекен Нәжімеденов, Гафу Қайырбеков, Рза Құнақов, Алтыншаш Жағанова, Ақшұтал Бақтыгереевалар келіп отырып, тамақтанып кететін еді. Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаевтың әйелі Зәлиха апаммен жақсы араласты. Мен төтемің арқасында Сәбит, Фаби, Фабиен аталарымызды бәрін көрдім. Бір кездерде ауылға іссапарға келгенде, Гафу Қайырбековпен бірге келді. Әмина

апам арабша тілде сауатты меңгерген, арасында әкеме хат жазықанда арабша жазатын еді», - деді есіне алып. Отбасында әкесі Асқар, ағасы Хафиз, Қанайла, Қалима, Фазиза соңында Әмина болған. Әмина апайдың жұбайы Әбдірашит Назарбайұлы Шалабаев (Цензур мекемесінде бастық болған) үш ұлы болған: Еркін, Диас, Алмас. Екі үлкен ұлы қайтыс болды, Еркіннің баласы ол да қайтыс болды, қызы Әсел Словакияда тұрады. Диастың қызы Дария ол да шетелде тұрады. Кіші ұлы Алмас Францияда тұрады. Алмастың екі қызы Айна және Сабина екеуі де Францияда тұрады. Ауылда ағайыны Мұсатаев Төлеген тұрады. Оның әкесі Мұсатаев Айдар қайтыс болғанда жылдық дұғасына отбасымен бірге Алмас Франциядан өлге келіп кетті. Міне, осы деректер арқылы

Әмина Шалабаеваның отбасымен таныс болдыңыздар.

Әмина апамызды «Сырлы жүрек» десем артық болмайды. Өлең өнерінің жолында көп жылдар еңбек еткен ақын бірнеше өлең жинақтарын шығарған. Әмина Шалабаева шығармашылық жолын аударма мен прозадан бастаған «Қарлығашым», «Күн қызы», «Тау ұлағы», «Менің өрнектерім», балаларға арналған «Әншіқоңырау», «Сайран дәурен» атты тандамалы жинақтарын жарыққа шығарды. Аударма саласында да көп еңбек етті. Садриддин Айнидің «Мектебін», қарақалпақ эпосы «Қырық қызды» аударуға қатысқан. Кезінде 50 жыл ұлағатты ұстаз болған өз әжем Ережепова Бибігүл айтұшы еді: «Біздің ауылда кез-келген ұлттың түп-тамыры ауыл жұртында жататынын естен шығармауға тиіспіз, кезінде ауылда шешендер де, орыстарда, украиндерде, немістер тұрған, бірақ біз бірімізге сыйлы болғанбыз. Ауылымызда өнерлі, шығармашылығы дарыған адамдар да көп болды, соларға қашанда ақ жол тілейтінмін», - деген сөзі өте дұрыс айтылған.

Турасын айтқанда Дүйсеке ауылдық кітапханасында кітапханашы қызметінде өз жобам «Туған жер» бағдарламасында келген ауылымыз жайлы зерттеу жұмыстар жүргізгенді жақсы көремін. Өзім ауылымыда тұрамын, алтын бесігім, ырыстың кіндігі саналып келе жатқан ауыл туралы салмақпен сөзі көңілге ерекше бір сөріп береді. «Ауыл түлесе, қазақ түлейді» дегендей. Себебі, ауыл мен қазақ ажыраса ұғымдар. «Адам Баласы – шексіз зерденгі ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүргенің түбінде әділдеп өтпейтін жан баласы болмайды», - десек шын айтқандық.

Жібек АНДАМАСОВА,
Дүйсеке ауылының кітапханашысы.

СУРЕТТЕ: Әмина Шалабаева
жолдасымен бірге.
1936 жыл, Новосібір қаласы.

МЕКТЕП ТЫНЫСЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА
«ЗАҢ МЕН ТӨРТІП» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУ



Қазақ халқы үшін төртіп пен жауапкершілік ұғымы ежелден аса маңызды болған. Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы: «Төртіпке бағынған құл болмайды, төртіпсіз ел болмайды», - деп қоғамның дамуы мен ел болашағы тікелей заң мен төртіпке байланысты екенін айқын көрсеткен. Бүгінгі қаңтар айында өтіп жатқан «Заң мен төртіп» айы

осы ұстанымды жас ұрпақ санасына сіңіруді көздейді. Бұл мақсатты жүзеге асыруда қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабақтарының тәрбиелік мүмкіндігі зор.

Қаңтар айында оқу бағдарламасы бойынша 6-шы сынып оқушыларымен өткізілетін қазақ тілі сабағында қарастырылатын «Су – тіршілік көзі. Қазақстанның өзен-көлдері»

тақырыбы оқушыларды табиғатты қорғауға, ұлттық байлыққа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді. Су ресурстары – мемлекеттің стратегиялық қазынасы, ал оларды қорғау мен тиімді пайдалану заңмен реттеледі. Осы арқылы оқушылар табиғатты қорғау – тек адамгершілік қана емес, азаматтық міндет екенін ұғынады. Суды ысырап ету, қоршаған ортаға зиян келтіру – заң мен қоғамдық тәртіпке қайшы әрекет екені сабақ барысында айқындалады.

Қазақ әдебиеті сабағында оқытылатын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы» өлеңдері заң мен төртіп идеясын рухани тұрғыдан толықтырады. Ақын армандаған «адам болып шығу» – әділетті, білімді, елге қызмет ететін, қоғам заңын құрметтейтін тұлға болу деген сөз.

Бұл тұста Мағжан Жұмабаевтың: «Тәрбиеден мақсұт адамды, һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу», - деген ойы ерекше мәнге ие. Төртіп пен заңға баулу – тәрбиенің өзегі. Ал тәрбиесіз білім – қоғамға қауіп төндіреді. Сондықтан Мағжан айтқандай, ұлт болашағы – дұрыс тәрбие мен саналы білімге тікелей байланысты.

«Шәкірт ойы» өлеңінде білімге жетудің жолы – еңбек пен төртіп екені айқын көрінеді. Бұл ой Бауыржан Момышұлының

өмірлік ұстанымымен де үндеседі. Өйткені төртіпсіз ортада ниет те, білім де, заң да өз деңгейінде жүзеге аспайды. Оқушының мектептегі төртібі – ертенгі қоғамдағы заңға бағынуының бастауы.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабақтарын «Заң мен төртіп» құндылығымен кіріктіре оқыту оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, табиғатты қорғау, заңды құрметтеу, төртіпті сақтау сияқты құндылықтарды бір арнаға тоғыстырады. Табиғатты аялау – заңды сақтау, білімге ұмтылу – төртіпке бағыну, ал адам болып қалыптасу – қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну екені айқындалады.

Қорытындылай келе, Бауыржан Момышұлының төртіпке негізделген ұстанымы, Мағжан Жұмабаевтың тәрбие туралы терең ойлары, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың саналы адам туралы арманы – барлығы бүгінгі «Заң мен төртіп» құндылығы мазмұнымен толық үндеседі. Осындай кіріктірілген сабақтар арқылы заңды құрметтейтін, табиғатты аялаған, білімді де жауапты азамат тәрбиелеуге жол ашылады.

Дәмежан ЫСҚАҚОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі,
Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

«Білім — барлығы үшін» деген қағида бүгінгі мектептің басты ұстанымына айналды. Осы орайда, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жалпы ортаға бейімделуіне көмектесетін маман — ол педагог-ассистент. Көпшілік бұл мамандықты жай ғана көмекші деп түсінуі мүмкін, бірақ іс жүзінде бұл — үлкен тәзімділік пен кәсібилікті талап ететін лауазым.

Менің педагог-ассистент ретіндегі басты міндетім — баланың сабақ барысында өзін жайлы сезінуін қамтамасыз ету және мұғалім берген тапсырмаларды оның қабылдау деңгейіне қарай бейімдеп жеткізу. Әрбір бала — жеке өлем. Біріне сурет арқылы түсіндіру тиімді болса, екіншісіне ойын түріндегі тапсырмалар қажет.

ПЕДАГОГ-АССИСТЕНТТІҢ РӨЛІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Жұмыс барысындағы басты қағидаларым:

- Жеке тұлға ретінде құрметтеу: Баланың мүмкіндігіне емес, оның қабілетіне сенім білдіру;
 - Сабырлылық: Нәтиже бірден көрінбесе де, кішкентай қадамдармен алға жылжу;
 - Ынтымақтастық: Пән мұғалімімен және ата-анамен тығыз байланыста болу.
- Бір мысал келтіре кетсем: Оқу жылының басында ортаға бейімделуі қиын болған оқушым бүгінде сыныптастарымен

еркін тіл табысып, өз бетінше тапсырма орындауға талпынып жүр. Бұл — мен үшін ең үлкен жетістік.

Қорыта айтқанда, педагог-ассистент — бала мен қоғам арасындағы алтын көпір. Біздің мақсатымыз — әр баланың жүрегіне жол тауып, оның қоғамның толыққанды мүшесі болуына жағдай жасау.

Алтын БЕЙСЕНБАЕВА,
педагог-ассистент,
Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп.



Мағжан Жұмбаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат



ЫСҚАҚОВА ЖАНАР БОЛАТҚЫЗЫ

ӨМІРБАЯНЫ

1982 жылы 5 желтоқсанда Көкшетау облысы Қызылту ауданы Қызылту ауылында дүниеге келген.

Білімі орта арнаулы, 2002 жылы Ақмола мемлекеттік қаржы-экономикалық колледжін қаржы мамандығы бойынша бітірген.

2003-2005 жылдары СҚО, Уәлиханов ау-

даны, Кішкенекөл ауылында орналасқан «Темірбекова Р.М.» ЖК қоймасында бухгалтер болып жұмыс істеген.

2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Мағжан Жұмбаев ауданы, Қарақоға ауылында «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Қарақоға ауылдық округі

әкімінің аппараты» КММ бас маманы болып жұмыс істейді.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округі әкіміне кандидат болып өзін-өзі ұсынып арқылы ұсынылған.

«Аманат» партиясының мүшесі.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Полудин ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде әрекет ету туралы менің шешімім азаматтарымыздың өмір сүру сапасын арттыру, әлеуметтік - экономикалық міндеттерді іске асыру мақсатында өзінің барлық дағдыларын, білімі мен өмірлік тәжірибесін қолдана отырып, ауылдық округте жұмысты бастауға ұмтылудан туындады.

Егер мені жерлерестер сайласа, келесі мақсаттарға жұмысымды бағыттаймын:
- жалғыз тұратын зейнеткерлерді, мүмкіндігі шектеулі жандарды, көп балалы отбасыларды және аз қамтылған азаматтарды қолдау бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру;

- жаңа жұмыс орындарын құру және ауылдағы жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру;

- елді мекендерді абаттандыру, ауылшілік жолдарды, кірме жолдарды жөндеу, көше жарығын жөндеу, сумен жабдықтау объектілерін реконструкциялау;

- ауылдық жерлерде мәдениет пен спортты дамыту үшін жағдай жасау. Мен бюджеттік шектеулі өкенин түсінемін, сондықтан мен төмендегі міндеттерді орындау үшін қосымша қаржыландыру көздерін іздеймін;

- ауылдың экономикалық дамуы

және округ тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту;

- бұқаралық демалыс орындарын дамыту;

- салауатты өмір салтын насихаттау, жастардың бастамаларын қолдау;

- Жастар және әйелдер кәсіпкерлік бастамаларын қолдау;

- мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жастарды оқыту және қайта даярлау;

- қоғамдық аумақтарды, саябақтарды, демалыс орындарын жайластыру;

- жастар арасында қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, округте тұратын этностардың әдет-ғұрып, салт-

дәстүрлерін сақтау.

- мәдени орталықтарды дамыту. Бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру;

- барлық жастағы шығармашылық, спорт және бос уақытты қолдау.

- жергілікті халықтың мүдделерін ескере отырып, ұлттық және Өңірлік даму бағдарламаларын тиімді оңдау және бейімдеу.

Сіздермен бірге біз өз округімізді жайлы, заманауи және гүлденген жерге айналдыра аламыз деп сенемін. Тек жалпы күш-жігермен, Сіздердің қолдауларыңызбен біз осы мақсаттарға қол жеткізе аламыз деп сенемін!

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмбаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат



ҚАСЕНОВ ЖАСЛАН СЕРІКҰЛЫ

ӨМІРБАЯНЫ

Солтүстік Қазақстан облысы Возвышенка ауданы Возвышенка ауылында дүниеге келген.

Білім жоғары, 2016 жылы Көкшетау академиясын «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

1997-2004 жылдары «МАЙ» ЖШС-де жүргізуші болып жұмыс істеген.

2004 жылдан 2008 жылға дейін Петропавл қаласында «Фирма АгроХимСевер ИК» ЖШС механик лауазымында қызмет еткен.

2008 жылдан бастап 2021 жылдың қараша айына дейін ҚР ІІМ ішкі істер органдарында еңбек етті.

Мен Ұзынкөл ауылдық округінің сайлауында өз кандидатурамды ұсынамын,

өйткені мен туған өлкенің тағдыры мен оның тұрғындарының өмір сүру сапасына аса мән беремін.

Мен ауылдық округті дамыту адамдардың нақты қажеттіліктерін ескере отырып, басқаруға жауапкершілікпен және ашық көзқараспен ғана мүмкін болатынына сенімдімін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ұзынкөл ауылдық округінің әкіміне кандидат ретінде қатысуға шешім қабылдау арқылы ауылдағы бар әлеуметтік мәселелерді шешуге бар күшімді салуды көздеп отырмын.

Мені ауылдық округтің әкімі болып сайлаған жағдайда:

- кентшілік жолдарды күрделі жөндеуге қаражат бөлуге ұмтылатын боламын;

- Ұзынкөл және Шандақ ауылдарындағы медициналық мекемелерге жөндеу жұмыстарын жүргізуге жәрдемдесетін боламын.

- округ инфрақұрылымын одан әрі дамытуға тырысатын боламын;

- «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыру шеңберінде шағын және орта бизнесті дамытуға қолдау көрсетемін.

Округтің ауылшаруашылық құрылымдарымен бірлесе отырып, округті дамыту үшін қосымша қаржыландыру көздерін іздеу тырысамын.

Округ ауылдарында балалар ойын алаңдарын абаттандыруды және жаңартуды қамтамасыз ету бойынша күш саламын.

Мен өз үлесімді қосамын:

- жастарды жұмыспен қамту және округ тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға;

- халықтың әлеуметтік осал топтарын

қолдауға;

- ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық дамытуға;

- округ тұрғындарының өмір сүру деңгейін мен сапасын арттыруға.

Ата-анам маған еңбекке, бірге жұмыс істейтін, жақын жерде тұратын адамдарға құрметпен қарауды үйретті.

Жұбайым екеуіміз балаларымызға осы қасиеттерді сіңіруге тырысамыз.

Ауылдың өмірі маған жақын және түсінікті. Мен өзімнің барлық білімім мен тәжірибемді жерлестерімнің сенімін ақтау үшін қолдана алатынымды білемін.

Тұрғындарымыздың әл-ауқатын арт-

тыру үшін ауылдарды жарықтандыру, жолдарды жөндеу, балаларды оқыту және халыққа медициналық қызмет көрсету үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша жұмыстарды жалғастыру қажет.

Мен барлық күш-жігерімді осы міндеттерді шешуге жұмсауға дайынмын және Сіздің қолдауыңызбен оң нәтижеге қол жеткізуге дайынмын.

Бізді ортақ мақсат – ауылдың әрбір тұрғынының өмір сүру деңгейін арттыру біріктіреді!

Сондықтан барша ауыл тұрғындарын сайлауға келіп, дұрыс таңдау жасауға шақырамын.

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмбаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат



СТАРИЦЫНА ИРИНА АЛЕКСАНДРОВНА

ӨМІРБАЯНЫ

1986 жылы 23 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Конохово ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары, 2010 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Педагогика және

психология» мамандығы бойынша бітірген. 2019 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «Орыс тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша білім алған. Білім беру бакалавры.

Еңбек жолын 2010 жылы Конохов орта мектебінде психолог және шағын орталықтың тәрбиешісі болып бастаған. 2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Конохов негізгі мектебі» КММ директоры болып жұмыс істейді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі лауазымына өз кандидатурамды ұсынамын, өйткені ауылдық округті әрбір тұрғын үшін жайлы, гүлденген және перспективалы еткім келеді.

Менің мақсатым — өмір сүру сапасын, әлеуметтік-экономикалық салалардың тұрақты дамуын және дәстүрлі құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету үшін билік пен халықтың күш-жігерін біріктіру.

1) Тұжырымдамалық мақсат

Ұзынкөл ауылдық округінің тұрақты дамуы, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және жұмыс, оқу, демалыс және өзін-өзі жүзеге асыру үшін қолайлы орта қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.

2) Бағдарламаның негізгі бағыттары мен негізгі міндеттері

1) Инфрақұрылым және коммуналдық қызметтер

- елді мекендегі жолдардың жағдайын жақсарту;

- тұрақты энергиямен жабдықтауды және көшені жарықтандыруды қамтамасыз ету;

- сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғырту.

2) Білім және жастар

- білім беру сапасын қолдау және балалардың қосымша дамуы үшін жағдай жасау;

- жастарды әлеуметтік және спорттық жобаларға тарту.

3) Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау

- медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыру;

- халықтың осал топтарын әлеуметтік қорғауды нығайту.

4) Экономика мен кәсіпкерлікті дамыту

- шағын және орта бизнесті ынталан-

дыру;

- фермерлер мен ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау.

5) Экология және абаттандыру

Мақсат:
- табиғи ортаны сақтау;

- қоғамдық кеңістікті абаттандыру.

6) Халықтың ашықтығы мен қатысуы

- тұрғындармен кері байланысты күшейту;

- өкім жұмысының ашықтығын арттыру.

3. Күтілетін нәтижелер

- Халықтың өмір сүру сапасы мен әлеуметтік әл-ауқатының өсуі;

- Коммуналдық инфрақұрылымның жағдайын жақсарту;

- Балалар мен жастардың өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін арттыру;

- Кәсіпкерлікті дамыту және экономиканы нығайту;

- Халықтың шешім қабылдауға қатысуын арттыру.

4. Бағдарламаны іске асыру принциптері

- ашықтық пен әдалдық;

- халықтың шешім қабылдауға қатысуы;

- тиімділік және тапсырмалардың орындалуын бақылау;

- ұзақ мерзімді перспективада тұрақты даму.

Қорытынды

Мен бірлескен күш-жігермен біздің ауылдық округтің өмірінде елеулі жақсартуларға қол жеткізетінімізге шын жүректен сенемін. Менің бағдарламам - Ұзынкөл ауылдық округі тұрғындарының осы жерде және қазір нақты нәтижеге бағытталған бағдарламасы.

БІЗДІҢ ОКРУГТІ БІРГЕ ЖАҚСАРТАЙЫҚ!

Сайлауда Сіздердің қолдауларыңызды сұраймын!

Бағдарлама жергілікті бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.



Дүйсенбі, 2 ақпан	Сейсенбі, 3 ақпан	Сәрсенбі, 4 ақпан	Бейсенбі, 5 ақпан	Жұма, 6 ақпан	Сенбі, 7 ақпан	Жексенбі, 8 ақпан
QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35, 15.15 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.00 Т/Х «АУЫЛ МУҒАЛІМІ». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 09.00, 00.05 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.50 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 14.15 АПТА. 15.00 АҚОРДА. 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 17.20, 01.20 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 22.15, 02.05 АШЫҚ АЛАҢ. 23.05 1001 ТҮН. 02.55 АУЫЛДАСТАР.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.50 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МУҒАЛІМІ». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 09.00, 00.05 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 14.15 ҚОС ПАЛАТА. 14.35 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 17.20, 01.20 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 22.15, 02.05 АШЫҚ АЛАҢ. 23.05 1001 ТҮН. 02.50 АУЫЛДАСТАР.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.40, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 03.05 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МУҒАЛІМІ». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 09.00, 00.05 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 14.15 Д/Ф. 15.00 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 17.20 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 22.15 АШЫҚ АЛАҢ. 23.05 1001 ТҮН. 00.55 ФУТБОЛ.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.30 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МУҒАЛІМІ». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 09.00, 00.45 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 14.10 Д/Ф. 14.40 «ТҮЛПА», Д/Ф. 15.15 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 17.20 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 22.15, 02.45 АШЫҚ АЛАҢ. 23.05 1001 ТҮН. 00.05 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 03.00 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «АУЫЛ МУҒАЛІМІ». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 14.10 Д/Ф. 14.40 «ТҮЛПА», Д/Ф. 15.15 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 17.20 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 22.15, 03.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.05 1001 ТҮН. 00.00 XXV ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05 АУЫЛДАСТАР. 06.40, 02.10 Т/Х «БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА». 07.40 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 09.00, 23.20 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.00, 16.05 КОНЦЕРТ. 13.30, 01.00 «БӨРЕКЕЛДІ». 14.40 М/Ф. 17.00, 00.20 ҚОС ПАЛАТА. 20.10, 00.40 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 21.20 «МУҚАФАЛИ», Х/Ф.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35 АҚПАРАТ. 05.45, 02.45 «АУЫЛДАСТАР». 06.15, 07.40, 00.45 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 06.40, 01.45 Т/Х «БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА». 09.00, 23.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.00 М/Ф «КӨККЕ». 13.25 М.МАҚАТАЕВТЫҢ 95 ЖЫЛДЫРЫНА ОРАЙ ӘН-ЖЫР КЕШІ. 15.30 «МУҚАФАЛИ», Х/Ф. 17.40, 00.30 АҚОРДА. 20.00, 23.50 АПТА. 20.40 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». 21.30 БӨРЕКЕЛДІ.

Дүйсенбі, 2 ақпан	Сейсенбі, 3 ақпан	Сәрсенбі, 4 ақпан	Бейсенбі, 5 ақпан	Жұма, 6 ақпан	Сенбі, 7 ақпан	Жексенбі, 8 ақпан
ХАБАР 05.00 COVER SHOW. 06.00 7 КҮН. 06.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ 07.00 ОЯН! 09.00 ДӘСТҮР. 09.30, 19.30 Т/Х «ШЫРМАЛҒАН ТАҒДЫР». 11.30 ҚОҒАМ ПІКІРІ. 12.30 ОЙНАIQ. 13.30 КӨЗҚАРАС. 14.30 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 15.00 Т/С «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ». 17.00, 23.00 Т/С «ТРИГГЕР НОВЫЙ». 19.00 НОВОСТИ. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 Т/Х «ЖОЛДАР». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 COVER SHOW. 06.00, 19.00 НОВОСТИ. 06.30, 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.00 ОЯН! 09.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 09.10 ХАҚЫҢ БАР. 09.30, 19.30 Т/Х «ШЫРМАЛҒАН ТАҒДЫР». 11.30, 22.00 Т/Х «ЖОЛДАР». 12.30 ОЙНАIQ. 13.30 ӨЗЕКПІ. 14.00 ӘЛЕУМЕТ. 14.20 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.30 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 15.00 Т/Х «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ». 17.00, 23.00 Т/С «ТРИГГЕР НОВЫЙ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 COVER SHOW. 06.00, 19.00 НОВОСТИ. 06.30, 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.00 ОЯН! 09.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 09.10 НЕОСАНА. 09.30, 19.30 Т/Х «ШЫРМАЛҒАН ТАҒДЫР». 11.30, 22.00 Т/Х «ЖОЛДАР». 12.30 ОЙНАIQ. 13.30 ӨЗЕКПІ. 14.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 14.20 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.30 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 15.00 Т/Х «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ». 17.00, 23.00 Т/С «ТРИГГЕР НОВЫЙ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 COVER SHOW. 06.00, 19.00 НОВОСТИ. 06.30, 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.00 ОЯН! 09.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 09.10 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 09.30, 19.30 Т/Х «ШЫРМАЛҒАН ТАҒДЫР». 11.30 Т/Х «ЖОЛДАР». 12.30 ОЙНАIQ. 13.30 ӨЗЕКПІ. 14.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 14.20 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.30 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 15.00 Т/Х «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ». 17.00, 23.00 Т/С «ТРИГГЕР НОВЫЙ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 COVER SHOW. 06.00, 19.00 НОВОСТИ. 06.30, 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.00 ОЯН! 09.00 ОЯН! 09.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 09.10 АРНАЙ РЕПОРТАЖ. 09.30, 19.30 Т/Х «ШЫРМАЛҒАН ТАҒДЫР». 11.10 Т/Х «НБИ АҒАЙ». 12.40 ОЙНАIQ. 13.30 ӨЗЕКПІ. 14.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 14.20 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.30 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 15.00 Т/Х «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ». 17.00, 23.00 Т/С «СТАЖЕР». 22.00 «ҚОҒАМ ПІКІРІ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 ЖЕТІ ҚАЗЫНА. 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф «РОБИНЗОН КРУЗО: ОЧЕНЬ ОБИТАЕМЫЙ ОСТРОВ». 11.20 М/Ф. 12.00 «ХУЛИГАНЫ-3», Х/Ф. 13.30 ӘСЕМ ӘНДЕР. 14.00 «ЖЕКПЕ-ЖЕК АЙТЫС». 15.30 ҚЫЗЫҚ ТІMES. 16.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН 5». 17.45 Т/Х «ЖОЛДАР». 19.00 7 КҮН. 19.40 ЖҰМЫР ЖЕР. 20.00 COVER SHOW. 22.00 «ПОСЛЕДНИЙ РУБЕЖ», Х/Ф. 00.00 КОНЦЕРТ. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 ЖЕТІ ҚАЗЫНА. 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф «БОЛЬШОЙ СОБАЧИЙ ПОБЕГ». 11.25 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 12.00 «ПОСЛЕДНИЙ РУБЕЖ», Х/Ф. 14.00 ӨМІР ӨРНЕГІ. 15.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН 5». 17.30 «БЕСБАРМАҚ», Х/Ф. 19.00 7 КҮН. 19.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 20.00 ҚЫЗЫҚ ТІMES. 21.15 «ХУЛИГАНЫ-3», Х/Ф. 22.45 ӘСЕМ ӘНДЕР. 23.15 КОНЦЕРТ. 01.15 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 2 ақпан	Сейсенбі, 3 ақпан	Сәрсенбі, 4 ақпан	Бейсенбі, 5 ақпан	Жұма, 6 ақпан	Сенбі, 7 ақпан	Жексенбі, 8 ақпан
ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.10 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 Т/С «НЕВЕСТА ИЗ МОСКВЫ». 14.00, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15, 02.55 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.55 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПОТЕРЯННЫЕ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	ЕВРАЗИЯ 06.00 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «ЗНАХАРЬ». 14.00, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР 14.15, 02.55 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.55 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.10 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПОТЕРЯННЫЕ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	ЕВРАЗИЯ 06.00 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «ЗНАХАРЬ». 14.00, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР 14.15, 02.55 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.55 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.10 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПОТЕРЯННЫЕ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	ЕВРАЗИЯ 06.00 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 Т/С «ОДИНЬ ДЕНЬ ЛЕТА». 14.00, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР 14.15, 02.55 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.55 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.10 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПОТЕРЯННЫЕ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 04.00 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 Т/С «УСКОЛЬЗАЮЩАЯ ЖИЗНЬ». 14.00, 02.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15, 02.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.30 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 «ПРЕИМУЩЕСТВО ДВУХ СЛОНОВ».	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.45 ТАМАША СІТУ. 07.00, 03.00 «П@УТИНА». 08.50 Т/С «ДЕЛА ЖИТЕЙСКИЕ-6». 12.30 ҚАЙМАҚ. 13.10 ТРИ АККОРДА. 15.10 «НАРУШЕНИЕ ПРАВИЛ», Х/Ф. 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.35 ЗАЧЕМ ЕЛ. 21.00 Т/С «МАГОМАЕВ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.40 ТАМАША СІТУ. 07.05, 02.10 «П@УТИНА». 09.00 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 09.50 «НАРУШЕНИЕ ПРАВИЛ», Х/Ф. 13.30 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.50, 18.00 «ТАМ, ГДЕ НЕ БЫВАЕТ СНЕГА», Х/Ф. 17.00 «ПОГОВОРИМ О ГЛАВНОМ». 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 Т/С «МАГОМАЕВ». 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалаң шықпайды.
Көл сөйлемге, азбен келтір иінін,
Бір сөзбен шеш түмен сөзіңің түйінін.
Абай ҚҰНАНБАЕВ.
Жүсін БАЛАСАҒҰН.



САЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

БІР ЖЫЛДА 5 МЛН АСТАМ ӨТІНІШ

Мемлекет пен халық арасындағы цифрлық өзара іс-қимылдың негізгі құралына айналған eOtinish платформасы қазақстандықтар арасында тұрақты сұранысқа ие өнеіне көрсетіп отыр. 2025 жылдың қорытындысы бойынша жүйе арқылы 5 миллионнан астам өтініш қабылданды. Бұл «Естуші мемлекет» тұжырымдамасы аясында азаматтар мен бизнес өкілдерін қараудың жаңа форматының тиімділігін айқын дәлелдейді.



2022 жылғы 1 шілдеден бастап іске қосылған eOtinish жүйесі азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қабылдау, өңдеу және орындауды бақылау үдерістерін толық автоматтандырды. Бүгінде платформа пайдаланушылары онлайн режимде өз өтініштерінің мәртебесін қадағалап, мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесту тарихын көре алады, жауаптардың сапасын бағалап, орындау бойынша шағымдар жолдайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының соттарына арыздар бере алады.

«Естуші мемлекет» тұжырымдамасын енгізу және өтініштерді қараудың жаңа форматына көшу Мемлекет басшысының 2021 жылғы 26 қаңтарда Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасына сәйкес «e-Otinish» бірыңғай ақпараттық жүйесі - eOtinish.kz платформасын енгізу бойынша ауқымды жұмыстарға негіз болды. Келесі маңызды қадам ретінде 2020 жылғы 29 маусымда қабылданған №350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс күшіне еніп, өтініштермен жұмыс істеудің тәсілін түбегейлі өзгертті.

«Бүгінде eOtinish мемлекет пен халық арасындағы цифрлық өзара іс-қимылда маңызды рөл атқарып, азаматтардың жоғары сеніміне ие болып отыр. «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ командасы жүйені одан әрі ыңғайлы әрі тиімді ету бағытында жүйелі түрде дамытып келеді. Қазіргі таңда бұл желі әрекет ету мен деректерді талдауға арналған жасанды интеллект көмекшілерін енгізу және жетілдіру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз»,-

деді «ҰАТ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Гүлмира Исабекова.

Бірыңғай цифрлық платформаны іске қоспас бұрын өтініштер әр ведомствоның өз арналарымен қабылданып, тіркелетін. Бұл азаматтар үшін қолайсыздық туғызып, үдерістердің ашықтығын төмендетіп, ведомствоаралық бақылау мүмкіндіктерін шектейтін. eOtinish осы үдерістерді бір жүйеге біріктіріп, ашықтықты, ыңғайлылықты және орындау мерзімдерін бақылауды қамтамасыз етті.

2025 жылы платформа арқылы жеке тұлғалардан 4 миллионнан астам, заңды тұлғалардан 1 миллионға жуық өтініш келіп түсті. 2024 жылмен салыстырғанда өсім шамамен 1 миллион өтінішті құрады.

Өтінішті eOtinish.kz сайты, eGov.kz порталы, eGov Mobile мобильді қосымшасы, сондай-ақ ХҚКО мен «Нәтиже» өтініштерді қабылдау орталықтары арқылы беруге болады.

Алдағы уақытта жасанды интеллектке негізделген талдамалық құралдарды дамыту, мемлекеттік органдардың Бірыңғай білім базасын жаңарту және платформаның функционалын кеңейту жоспарланып отыр. Бұл азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеудің сапасы мен ашықтығын одан әрі арттыруға мүмкіндік береді.

Анар МАҒЗҰМОВА,
«Ұлттық ақпараттық технологиялар»
АҚ Корпоративтік коммуникациялар
департаменті.

ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

АЛАЯҚТАРДАН ӨЗІҢІЗДІ ҚОРҒАҢЫЗ



Өзіңізді алаяқтардан қорғау үшін eGov mobile мобильді қолбандасы арқылы «Банктік қарыздар мен шағын несиелерді алудан ерікті түрде бас тарту» қызметіне қосылуыңызға болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ӘСЕР ЕТУ СКРИНИНГІН ҚАРАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 55 бабы 6 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне стратегиялық экологиялық бағалау жүргізу үшін мынадай құжаттар (бұдан әрі - СЭБ материалдары) келіп түсті:

Жобаны стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есепті камту аясын айқындау (скрининг кезеңі) «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье, Молодогвардейское, Октябрьское, Қарағанды, Писарева, Советское, Узынқол, Успенка, Полтавка, Таманское ауылдарын дамыту және құрылыс схемалары (бас жоспарларының оңайлатылған нұсқасы)»;

СЭБ материалдарын әзірлеуші: «СК РАОЛ «ИНВЕТ» ЖШС.
СЭБ материалдарына тапсырыс беруші: «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ

СЭБ материалдарын әзірлеуге жауапты: Нұрбаева А.Ж.
СЭБ материалдары бойынша қорытынды беруге уәкілетті орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

- Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) келесі мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын айтуға шақырамыз:
- 1) жобаны жүзеге асыру қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?
 - 2) Жоба бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай әсерлерді зерделеу қажет және неге?
 - 3) СЭБ өткізу қажет деп санайсыз ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?
 - 4) Жобаны іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықпал әсеріне байланысты Сізде өзге де ескертулер мен ұсыныстар бар ма?

Стратегиялық құжаттың қолданылу кезеңі: 2042 жыл.
Уәкілетті орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау бойынша рәсімдерді өткізу мерзімі: 2026 жылғы 29 қаңтардан 13 ақпанға дейін. (ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың соңғы күні – 2026 жылғы 13 ақпан).

Байланыс деректері:
Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі - Астана қаласы, Мөңгілік Ел даңғылы, 8, Экологиялық саясат департаменті, тел.: 8 776-941-42-11; 8 (7172) 74-02-83, e-mail: r.orynbasarova@ecogeo.gov.kz; b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

Ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша түрде төменде көрсетілген мекенжайларға жіберуге болады:
- электронды түрде Экология министрлігі Канцеляриясының электрондық адресіне: k.kense@ecogeo.gov.kz (сіздің құжаттыңызды Канцелярияның алғаны туралы +7 7172 74-08-44 телефоны арқылы нақтылау қажет);
- e-mail: r.orynbasarova@ecogeo.gov.kz; b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz;
- «WhatsApp» номері: 8 776-941-42-11, 8 (7172) 74-02-83

СЭБ бойынша материалдар орналастырылған:
Экология министрлігінің сайтында («Қызмет» бөлімі - «Негізгі құжаттар» бөлімі - «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі).
Сайт: <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-mzh/documents/3?lang=ru>

EGOV-TA МҮЛІКТІ САҚТАНДЫРУ СЕРВИСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ: ТӨЛЕМ СОМАСЫ ҚАНША?

eGov Mobile мобильді қосымшасында мүлкікті және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыруға арналған жаңа цифрлық сервис іске қосылды. Жоба «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ («ҰАТ» АҚ) және «Тумаг» сақтандыру брокері ЖШС-нің бірлесуімен жүзеге асырылып, азаматтарға арналған цифрлық қызметтер шеңберін кеңейтуге бағытталған.

Жаңа сервис тұрғын үй жылжымайтын мүлкін және көршілер алдындағы жауапкершілікті толықтай онлайн форматта сақтандыруға мүмкіндік береді. Сақтандыру тұрмыста жиі кездесетін негізгі тәуекелдерді, соның ішінде өрт, жарылыс және су басу салдарынан келтірілген залалды қамтиды. Полис ай сайынғы жазылу форматы бойынша рәсімделеді, бұл қызметті икемді әрі қолжетімді етеді.



«Тумаг Home» сервисі eGov Mobile қосымшасына интеграцияланып, азаматтарға өз мүлкін қорғау мүмкіндігін ұсынады. «ҰАТ» АҚ басқарма төрағасы Дәулет Бекмановтың айтуынша, сақтандыруды рәсімдеу туралы шешім пайдаланушының өз еркінде. Ал «ҰАТ» АҚ командасы серіктестермен бірлесіп сервистің мобильді қосымша экзюжесіне ыңғайлы әрі қауіпсіз енгізілуін қамтамасыз етті.

Сақтандыру полисын рәсімдеу үшін пайдаланушы eGov Mobile қосымшасында авторизациядан өтіп, «Хабарламалар» - «Хабарландырулар» бөлімі арқылы «Tumag Home» сервисін таңдайды. Одан кейін дербес деректерді өңдеуге келісім беріп, қажетті мәліметтерді толығын, сақтандыру жарнасын төлейді.
Бұл туралы nitex.kz мәліметінше, сақтандыруға жазылу құны айына 1 500 теңге. Төлемдердің жалпы сомасы 500 мың теңгеге дейін жетеді. Оның 250 мың теңгесіне дейін мүлікке келтірілген залалды өтеуге, ал тағы 250 мың теңгесіне дейін үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеуге бағытталады.
Бұл өнімді іске асыруға Freedom Insurance, Basel және Alatau City Garant сақтандыру компаниялары қатысады. Таңдалған компанияға қарамастан, сақтандыру шарттары мен полис құны барлық пайдаланушы үшін бірдей.
«Біз сақтандыруды цифрлық ыңғайлылықтың жаңа деңгейіне шығарғанмызға қуаныштымыз. «Tumag Home» - ең жиі кездесетін тұрмыстық тәуекелдерді қамтитын қарапайым, қолжетімді әрі тиімді өнім. eGov Mobile-мен интеграция сақтандыруды бірнеше қадаммен рәсімдеуге мүмкіндік береді», - деді «Tumag» сақтандыру брокері ЖШС өкілдері.
Сервис жылжымайтын мүлкікті енді рәсімдеген азаматтарға қолжетімді. Мемшік құқығы тіркелгеннен кейін пайдаланушылар eGov Mobile қосымшасында сақтандыруды рәсімдеу туралы хабарландыру алады. Полис бірнеше минутта, толықтай цифрлық форматта рәсімделеді. Бұл қағаз құжаттардан бас тартып, процестің қарапайым әрі қауіпсіз болуын қамтамасыз етеді. Сервис мемлекеттік электрондық қызметтер экзюжесіне біріктірілгендіктен, азаматтар мүлкікті және өкімшілік мәселелерді бір қосымша арқылы қатар шеше алады.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ.

Директор - бас редактор Нелси ГОНЧАР	Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Бағыр Байн көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz	Газет айтасына 1 рет бейсенбі күні шығады. Жазылу индексі - 65360	«Maglan juldizy» газеті редакцияда терілін бегтеді. «Сенерий Казахстан» баспаханасында басылады. (Петровская к., Коммунал-к-сі, 5 үй). Тарауымы - 600	Газет аудан өкілдерінің, аудандық мемлекеттік тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады
---	---	---	--	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылғы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г күшіні алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәніне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарлауға болады